

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру: тәрбие жұмыстарын жоспарлағанда Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жасалды. **2020 – 2021, 2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылдарында** тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша мектепшілік 1-11 сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыс жасауда. Оқушыларға Қазақстан Республикасының құқықтық білім беру Концепсиясын, (21.06.1995ж) Бала құқығы туралы Конвенциялармен (20.11.1989ж) таныстыру жұмыстары жүргізілген. Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы азаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады. Қыркүйек айында өткен сынып жетекшілер отырысында сынып жетекшілерінің өткен оқу жылындағы жұмыстарына сараптама жасалынды.

2020-2021 оқу жылы коронавирустық инфекцияның алдын - алу жөніндегі санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық- профилактикалық іс- шаралар жүргізе отырып, I ші жарты жылдықта 1-4 бастауыш сыныптар штаттық режимде, II жарты жылдықта 5-9,11 сынып оқушыларына ата – аналардың өтінішіне орай, сабақтар офлайн режимде ұйымдастырылса, төртінші тоқсанда барлық 1-11 сынып оқушыларына карантин ережелерін сақтай отырып, сабақтар өткізді. 2021-2022 оқу жылында бір кабинет, бір сынып ережесімен санитарлық талаптарды сақтай отырып, әр бір сынып бөлмелеріне қол жуғыштар, антисептиктер қойлып сабақ жүргізіліп келеді. Барлық сыныптарда өтілетін ашық тәрбие сағаттары мен апталық сынып сағаттарының кестесі жасалынып, бекітілді. 1 қыркүйек Білім күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өткізіледі. Аудандық білім бөлімінің бұйрықтары негізінде әрбір сыныпта «Кел,балалар оқылық!» тақырыбы аясында «ҚР Конституциясы, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 1-11 сыныптарға сынып тәрбие сағаттары өткізілді. Қыркүйек-қазан айларында «Абайлаңыз балалар» айлығы жүріп, оқушылардың көшеде жүру қағидалары бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мектепте сынып жетекшілердің жылдық жоспарлары бекітілді. 2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында сынып жетекшілердің сынып оқушылармен атқарылатын шығармашылық жұмыстарының тақырыбы айқындалып , зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Әр сыныпта тәрбиенің 8 бағыты бойынша ашық тәрбие сағаттарының тақырыбы директор тарапынан бекітіліп, оқушылармен, ата-аналармен бірлесіп ашық тәрбие сағаттарын өткізеді. Айтулы мерекелерге байланысты, сынып сағаттары, сурет көрмесі, дебаттар, сайыстар ұйымдастырылды. ҚР Тәуелсіздігіне орай Тәуелсіздік күні қарсаңында «Тәуелсіздіктің ұлы тұлғалары» тарихи шеруі, «Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы», «Тәуелсіздік тұғырым» атты сынып сағаттары өткізілді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік шежіресі», «Тәуелсіздік – тағдырым!» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары мен желтоқсан куәгерлерімен кездесулер өткізіліп, «Фейсбук» парақшасына үнемі жарияланып отырылды.

Құқықтық тәрбие басты назарда ұсталынып, ҚР Заңдары мен нормативтік актілерді таныстыру, нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегушіліктің алдын алу бойынша жоғары сынып оқушылары арасында, арнайы мамандардың қатысуымен сыр – сұхбат, дебат, сайыс сабақтар өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күресудің алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Атап айтар болсақ, АІБ – нің

қызметкерлерімен бірге жоғары сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын - алу мақсатында кездесулер өткізілді. Кездесу барысында қандай қылмыс түрінде кәмелетке жасы толмағандар, қандай жауапқа тартылатындығына тоқталып кетті. Сонымен қатар ұлдар арасында «Жас полицей» тобы құрылып, олар тәртібі нашар оқушылар мен қатар, мектепшілік іс – шараға атсалысып, кешкі мезгілдегі кезекші мұғалімдермен жұмыс атқаруда. ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын - алу туралы» № 591 заңының 12 бабының талабына сәйкес Қазығұрт аудандық полиция бөлімімен бірлесе іс – шара жасалынып, өткізілді. Іс – шара барысында санитарлық талаптарды сақтай отырып мектеп психологы Ж.Аманжолова оқушылар мен ата – аналар арасында тренинг жұмыстарын жүргізіп отырды. Мектеп Қазығұрт аудандық полиция бөлімімен жыл сайын бірлескен екі жақты жоспар түзе отырып, жұмыс жүргізіп келеміз. Атап айтар болсақ, «Түнгі рейд» атты жедел профилактикалық күндері және «Жасөспірім» профилактикасын өткізу барысында және басқа да бос уақыттарда мектеппен үнемі байланыс орнатып отырылады. Мектеп инспекторы жоғары сынып оқушыларымен кездесе отырып түсінік жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Сонымен қатар, оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын- алу бойынша қадағалау барысында Қазығұрт аудандық полиция бөлімімен бірлескен жұмыс журналы бар. Аудандық есепте тұратын оқушы жоқ. Мектепшілік есепте тұратын оқушыларға тәлімгерлер бекітіліп, жұмыс жоспарлары бекітілді.

Жалпы мектеп бойынша 372 оқушының 140 оқушысы үйірмелерге тартылған. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру жолға қойылған. 20 оқушы мектептен тыс үйірмелерге қатысады.

1. Мектеп үйірмесінде – 120 оқушы

Мектепшілік ақысыз спорт үйірмелеріне - 40 оқушы қамтылған. Барлығы : 140 оқушы үйірмелерге тартылған. Атап айтар болсақ мектепшілік 7 ақысыз үйірме жұмыс жасайды. «Балбырауын» домбыра үйірмесі –жетекшісі: Айтмырза Н., Жас суретшілер үйірмесі- жетекшісі: Рызақ А., «Ән» үйірмесі – жетекшісі: Смаилов Е., «Нұршашу» би үйірмесі - жетекшісі: Айдарова Б.;

Спорттық үйірме: «Шахмат, дойбы клубы» - жетекшісі: Мамақ М., «Футбол» секциясы- жетекшісі: Найман Ә., валлейбол – жетекшісі: Шынтаев Б., баскетбол – жетекшісі: Алшоразов А., үстел теннисі – жетекшісі: Жолдас Б.

Қоғамдық таным үйірмелері: «Жігерген жақұттары» дебат клубы – жетекшісі: Нұрсұлтан Т., «Ақ жүніс» қыздар клубы – жетекшісі: Рыскелді А., «Азамат» ұлдар клубы жетекшісі: Тасболатов М.

«Ізденіс» ғылым үйірмесі: «Өлкетану» үйірмесі – жетекшісі: Самалбеков О., «Жас табиғаттанушы» үйірмесі – жетекшісі: Қирабаева Ж.

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы). Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем - эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, көркем еңбекке, экологиялық - биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі. Жыл сайын қосымша сабақтардың жоспарлары және оларды орындау жөніндегі есептер бекітіледі.

Тәрбие жұмысының жетістіктері:

- «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ» Тәуелсіз Қазақстанның рухани даму жолында ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегімен және білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін Мамихова Гүлниса Абуталиповна марапатталады – 2021 ж.
- «АЛҒЫС ХАТ» 2023 жылдың 15-24 ақпан аралығында «Құндылықтар негізінде тәрбиелеудің моделін құру және оны іске асыру» тақырыбында өткізілген онкүндікте белсенді қатысқаны үшін Абай (Жігерген) жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мамихова Гүлниса Әбутәліпқызы марапатталады - 2023ж.
- ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ «ГРАМОТА» Мамихова Гүлниса Абуталиповна өңірдің білім саласының дамуына қосқан елеулі үлесі және өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі көп жылғы жемісті еңбегі үшін марапатталады – 2023ж.

- «ДИПЛОМ 1-дәрежелі» Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық аудандық кезеңінде «Химия» пәні бойынша жүлделі орынға ие болғаны үшін Абай (ж) жалпы орта мектебінің 9 – сынып оқушысы «Әділхан Сымбат» марапатталады – 2022ж.
- «ДИПЛОМ 3-дәрежелі» 2021-2022 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері Қазығұрт ауданы, Абай (Жігерген) атындағы жалпы мектебінің 9 сынып оқушысы «Әділхан Сымбат» Химия пәні бойынша марапатталады – 2022ж.
- «ДИПЛОМ 2-дәрежелі» Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңінде Химия пәні бойынша жүлдегері Абай (ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 8 - сынып оқушысы Тұрсынбай Нұрсезім жетекшісі Мамихова Гүлниса марапатталады – 2022ж.
- «ДИПЛОМ 3-дәрежелі» Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық «Жас қанат» олимпиадасының аудандық кезеңінде Химия пәні бойынша жеңімпаз атанғаны үшін Абай (ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 7 - сынып оқушысы Тұрсынбай Нұрсезім, Пән мұғалімі Мамихова Гүлниса марапатталады – 2021ж.
- «ДИПЛОМ» Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін дамыту, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткізілген «ЕҢ БІЛІМДІ ПЕДАГОГ - 2020» IV облыстық пән олимпиадасының жеңімпазы «1 орын» иегері Қазығұрт ауданы Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі Химия пәні мұғалімі Мамихова Гүлниса марапатталады – 2020ж.
- «АЛҒЫС ХАТ» 2-11 сынып оқушылары арасында өткен «ALTYN URPAQ» Республикалық зияткерлік олимпиадасының облыстық кезеңіне шәкірт дайындап, шығармашылық бағыт – бағдар бергені үшін Қазығұрт ауданы, Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі Мамихова Гүлниса Абуталиповна марапатталады – 2019ж.

Сынып жетекшілер жетістіктері:

- *ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ, Алғыс хат, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының республикалық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне оқушыларды дайындағаны үшін алғыс білдеремін Қазығұрт ауданы, Нұрсұлтан Тәукехан Біржанұлы марапатталады – 2021ж.*
- *ДИПЛОМ, Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептің сынып жетекшілері арасында өткізілген «Тәрбие жұмысының үздіктері» байқауының аудандық кезеңінде өзінің озық педагогикалық идеяларымен және кәсіби шеберлігімен III – орынды иеленгені үшін Абай (ж-н) ж.о.б.б.м. бастауыш сынып мұғалімі Тоймырзаева Салтанат марапатталады – 2022ж.*

Оқушылардың жетістіктері:

- **Ақберді Жансая** 8 – сынып - «ALTYN URPAQ» зияткерлік олимпиадасында 3 – орын алды.
- «Ұлттық мектеп лигасы» қыздар арасындағы футболдан «Былғары доп» аудандық іріктеу жарысында жүлделі II-орын алды
- **Олжабай Әділхан** - «Медианы таны!» аймақтық ашық дебат турниріне қатысып, «Үздік креатив» номинациясын иеленгені үшін марапатталады
- **Олжабай Әділхан** – «Диплом» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай ұйымдастырылған мектеп оқушыларының республикалық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне қатысып «ТУРНИР ЖҰЛДЫЗЫ» номинациясына ие болғаны үшін Қазығұрт ауданы, Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі – марапатталады.
- **«Жігерген жақұттары»** - АЛҒЫС ХАТ, Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық мейірімділік бұлағы» жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңы» мектеп

оқушылары арасында өткізілген облыстық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде І орын иеленгені үшін марапатталады.

• **Сатыбалды Аяулым & Әбдісейіт Айнұр** - Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтің “БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ” бағдарламалық мақаласының негізінде және Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университетінің 20 жыл толуы қарсаңында және университетіміздің студенттік “АЛАҢ” жастар пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен “БОЛАШАҚТА АҚИҚАТ АЛАҢЫНА АЙНАЛАТЫН, ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬДЫ ЗИЯЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ” атты пікірсайыс турнирінің мектеп лигасынаң ІІІ орын иеленгені үшін марапатталады.

• **Олжабай Әділхан** – Сертификат, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кубогіне арналған Республикалық пікірсайыс турниріне қатысқанын растайды.

• **Бактияр Арайлым** – Алғыс хат, Сізді, салық мәдениетін көтеру мен тұтынушылар мүддесін қорғау мақсатында облыстық мектеп оқушылары арасында «Салық сағаты» тақырыбына жазылған шығарма аясында Түркістан облысы бойынша барлық оқушылар арасынан жазылған ең үздік шығарма болғандықтан шын жүректен құттықтаймыз!

• **Олжабай Әділхан** - Алғыс хат, Сізді, салық мәдениетін көтеру мен тұтынушылар мүддесін қорғау мақсатында облыстық мектеп оқушылары арасында «Салық сағаты» тақырыбына жазылған шығарма аясында Түркістан облысы бойынша барлық оқушылар арасынан жазылған ең үздік шығарма болғандықтан шын жүректен құттықтаймыз!

• **Олжабай Әділхан, Кендір Ақтоты** – Диплом Қазақстан Республикасының ұлағатты Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында өткізілген «Ustaz cup І» облыстық пікірсайыс турниріне белсене қатысып, өзінің ой және сөз шеберлігін көрсетіп жүлделі І орын иеленгені үшін (қазақ лигасы бойынша) марапатталды.

• **«Жігерген жақұттары»** - ДИПЛОМ, ІІІ дәрежелі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Баладардың құқықтарын қорғау комитеті, Алғыс айту күніне арналған «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының республикалық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңінде жоғарғы нәтиже көрсеткен.

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады

Тәрбие жұмысының жоспарымен келесі бағыттар бойынша іс-шаралар қарастырылған: Патриоттық тәрбие. Қазақстандық патриотизм және азаматтылық, Құқықтық тәрбие. Құқық бұзушылықтың алдын алу, Рухани адамгершілікке тәрбиелеу, Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Имандылық тәрбие. Діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрес, Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру, Эстетикалық тәрбие, Экологиялық тәрбие. Қоғамдық ұйымдармен, Ата-аналармен жұмыс. Тәрбие жұмысы аясында аталған барлық бағыттар бойынша сыныптан тыс сағаттар, конкурстар, жарыстар, сайыстар, кездесулер, түсіндіру жұмыстары, тақырыптық фестивальдер, дебаттар және т. б. өткізілді. Тәрбие жұмысы жыл сайынғы жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына тәрбие жұмысы бойынша жоспарлар мен есептер қоса беріледі.

4).білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру: Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы).Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі. Жыл сайын қосымша сабақтардың жоспарлары және оларды орындау жөніндегі есептер бекітіледі.

2020-2021 оқу жылында мектепте мектепшілік ақысыз спорт үйірмелеріне - 30 оқушы тартылған. Барлығы – 117 оқушы үйірмелерге қатысты. Мектеп бойынша жалпы оқушы саны - 387. Жалпы үйірмелерге 30,2 пайызы қатысқан.

2021-2022 оқу жылында мектепшілік ақысыз спорт үйірмелеріне - 35 оқушы қатысады. Барлығы - 120 оқушы үйірмелерге тартылған.

Жалпы мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылында оқушының 120 оқушысы түрлі үйірмелерге тартылған. Үйірмелерге тартылған оқушы 32% құрайды. Қосымша білім беруді ұйымдастыру бойынша педагогтердің 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары қоса беріледі.

2022-2023 оқу жылында мектепшілік ақысыз үйірмеге - 140 оқушы қатысады, Оның ішіндегі ақысыз спорт үйірмесіне - 40 оқушы қатысады. Барлығы – 140 оқушы үйірмелерге тартылған.

Жалпы мектеп бойынша 2022-2023 оқу жылында 372 оқушының 140 оқушысы түрлі үйірмелерге тартылған. Үйірмелерге тартылған оқушы 37,63 % құрайды. Қосымша білім беруді ұйымдастыру бойынша педагогтердің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары қоса беріледі .